

FTAMP 17.71.01

<https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-01>

**А.А. Әбсадық<sup>1</sup>, А.Т. Испандиярова<sup>2</sup>,  
К.С. Матыжанов<sup>3</sup>, О.М. Жолдыбаев<sup>4</sup>**

<sup>1,2</sup>А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан

<sup>3,4</sup>М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: <sup>1</sup>absalmas@mail.ru, <sup>2</sup>ispandyarovaa@mail.ru,

<sup>3</sup>kmatyzhanov@gmail.com, <sup>4</sup>zet.olji@mail.ru

ORCID: <sup>1</sup>0000-0002-1657-029X, <sup>2</sup>0000-0001-5894-1549,

<sup>3</sup>0000-0002-7016-0304, <sup>4</sup>0000-0003-1592-4989

## ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ЛАҚАП ЕСІМ МОТИВИ

**Аңдатпа.** Мақалада «лақап есімі» терминінің мағынасы қарастырылған. Лақап есім мотиві – фольклорлық қаһарманның ерекше қадыр-қасиет пен күш иесі, арнайы миссиясы бар жасампаздығын дәріптейтін көркемдік көріктеу құралы. Ол – фольклорлық шығарманың сюжеттік желісінің кішкене бір бөлшегі ретінде басты қаһарманның «ерекше балалық шағын» суреттеуге қызмет жасайды. Мотив ертеден келе жатқан кісіге ат қою ғұрпымен тығыз байланысты дамып, оның фольклордағы жаңғырығы ретінде көріктеу құралына айналған. Лақап есім – инициация рәсімінің мазмұнынан қалыптасқан ат қою ғұрпының бір көрінісі. Аталмыш ғұрыптың шығу тегі ертедегі адамдардың дүниені үш тағанды (жоғары, орта, төменгі) тұтас космос деп таныған мифологиялық кезеңнен бастау алады. Үш тағандық модельдің таным-түсінігі бойынша, адам баласының бұл өмірдегі тыныс-тіршілігіндегі өзгерістері мен атқарған істері жоғары дүние (тәңірі) немесе о дүниелік (төменгі дүние - аруақтар) тылсым күш иелерінің ерекше қолдауымен болады-мыс. Тылсым қолдауға ие болар тетіктің бірі - кісі есімі және ол үнемі өзгеріп, жаңарып отырады. Мақаланың мақсаты адамзат қоғамының ежелгі дәуірі және ерте орта ғасырлар кезеңіндегі кісі есімінің өзгеруі белгілі бір наным-сенімдермен, әдет-ғұрыптармен тығыз байланысты анықтау. Мақалада фольклордағы лақап есім шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық ерекшеліктеріне өзіндік қызмет жасайтын тұрақты мотив ретінде қарастырылған. Лақап есім мотивінің фольклорлық шығармалардағы сыр-сипаты әртүрлі. Эпикалық шығармалардың сюжетіндегі лақап есім мотивінде көне наным-сенімдерге құралған мазмұндар жиі кездесе, аңыз әңгімелерде қаһарманның лақабы ел үшін жасаған ерлік, батырлық істерінің нәтижесінде орын алып отырады. Қазақ фольклорында болашақ лауазым иесінің немесе батырдың жас күнінде атсыз немесе лақап есіммен жүру көрінісі кездеседі. Қазақтың батырлық ертегісіндегі Желкілдек сынды қаһарманның ерлік іс жасағанға дейін атсыз жүруі, қазақтың тарихи аңыздардағы Абылай, Жалаңтөс, Қабанбай т.б.батырлардың ерлік істерден, ал Едіге, Қазыбек, Сәбден, Едіге сынды шешен кісілердің дау-дамайды танытқан тапқырлықтарынан лақап есім алуы – шығарма сюжеттерінің ажырамас бөліктерінің бірі. Түйіндей келгенде, қаһарманға лақап есім беру - қаһарман ғұмырнамасының ерекшеліктеріндегі өзгерістерге қарай фольклорлық образды асқақтату, оны шығарманың мақсатына сай идеализациялау көрінісіне қызмет жасайды.

**Алғыс:** Мақала ҚР ҒЖБ министрлі Ғылым комитетінің 2022-2024 жылдарға арналған АР 14871880 «Алтын Орда дәуірі және қазақ фольклоры» гранттық жобасы аясында дайындалды.

**Кілт сөздер:** мифология, қазақ фольклоры, түрік фольклоры, инициация, лақап есім

**A.A. Absadyk<sup>1</sup>, A.T. Ispandiyarova<sup>2</sup>, K.S. Matyzhanov<sup>3</sup>, O.M. Zholdybayev<sup>4</sup>**

<sup>1,2</sup>A. Baitursynov Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan

<sup>3,4</sup>M.O. Auezov Institute of Literature and Art

E-mail: <sup>1</sup>absalmas@mail.ru, <sup>2</sup>ispandiyarovaa@mail.ru,

<sup>3</sup>kmatyzhanov@gmail.com, <sup>4</sup>zet.olji@mail.ru

ORCID: <sup>1</sup>0000-0002-1657-029X, <sup>2</sup>0000-0001-5894-1549,

<sup>3</sup>0000-0002-7016-0304, <sup>4</sup>0000-0003-1592-4989

## Nickname motive in kazakh folklore

**Abstract.** Folklore nickname is a steady motif serving compositional structure and ideological meaning of the work. As a plot-forming part of the element of folklore work, it serves to describe protagonist' "extraordinary childhood". Closely tied to the ancient custom on nicknaming and becoming its echo in folklore, the motif is a kind of artistic means for praising folklore personality with unique creative qualities, strength and a certain special mission. The nickname is one of the manifestations of the naming Rite, formed from the content of the initiation rite. The origin of this ritual dates back to the mythological period when ancient people recognized the world as a whole cosmos with three pillars (higher, middle, lower). According to the three-way model, the changes and deeds of the human being in this life occur with the special support of the owners of the higher world (Tengri) or the afterlife (lower World-ghosts). One of the most mysterious mechanisms that can be supported is the name of a person, and it is constantly changing and updating. The purpose of the article is to identify a close connection between the antiquity of human society and the change in the name of a person in the period of the early Middle Ages with certain beliefs and Customs. In the article, the nickname in folklore is considered as a stable motive that performs a kind of service to the compositional structure and ideological features of the work. The character of the nickname motif in folklore works is different. In the motif of the nickname in the plot of epic works, the content of ancient beliefs is often found, while in the stories of Legends, the hero's nickname occurs as a result of heroic deeds for the country. In Kazakh folklore, there is a scene of a future official or hero walking on a young day without a name or nickname. One of the integral parts of the plot of the work is that such a hero as Zhelkaldek in the Kazakh heroic fairy tale goes without a horse until he does a heroic deed, abyлай, Zhalantos, Kabanbai, etc. in the Kazakh historical legends, the heroes get nicknames from heroic deeds, and Chechen people like Edige, Kazybek, Sabden, Edige—from their scandalous ingenuity. In summary, giving a hero a nickname serves as a manifestation of exaltation of the folklore image, its idealization in accordance with the purpose of the work, depending on changes in the features of the hero's life.

**Acknowledgments:** The article was prepared within the framework of the grant project of the MS & HE PK for 2022-2024 AP 14871880 «The era of the Golden Horde and Kazakh folklore»

**Keywords:** mythology, Kazakh folklore, Turkish folklore, initiation, nickname

**A.A. Абсадик<sup>1</sup>, A.T. Испандиярова<sup>2</sup>, K.C. Матыжанов<sup>3</sup>, O.M. Жолдыбаев<sup>4</sup>**

<sup>1,2</sup>Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан

<sup>3,4</sup>Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: <sup>1</sup>absalmas@mail.ru, <sup>2</sup>ispandiyarovaa@mail.ru,

<sup>3</sup>kmatyzhanov@gmail.com, <sup>4</sup>zet.olji@mail.ru

ORCID: <sup>1</sup>0000-0002-1657-029X, <sup>2</sup>0000-0001-5894-1549,

<sup>3</sup>0000-0002-7016-0304, <sup>4</sup>0000-0003-1592-4989

## Мотив псевдонима в казахском фольклоре

**Аннотация.** В статье говорится о значении термина «псевдоним». Мотив псевдонима—это художественное украшение, прославляющее творчество фольклорного героя, обладающего особой силой и дос-

тоинством, со специальной миссией. Он служит для описания «необычного детства» главного героя, как небольшой детали сюжетной линии фольклорного произведения. Мотив развивался в тесной связи с обычаем именованья древних людей и стал украшением его отголосков в фольклоре. Псевдоним-одно из проявлений обряда именованья, образованного содержанием обряда инициации. Истоки этого ритуала восходят к мифологическому периоду, когда древние люди признавали мир как единое целое, состоящее из трех столпов (высоких, средних, низких). Согласно познанию модели трех древностей, изменения и действия человеческого существа в этой жизни происходят при особой поддержке обладателей мистических сил высшего мира (Тенгри) или загробного мира (низшие миры – призраки) – меди. – Я не знаю, что это такое, – сказал он, – я не хочу, чтобы это было так. Целью статьи является изменение имени человека в период древности и раннего средневековья человеческого общества, развивавшееся в тесной связи с определенными верованиями, обычаями. В статье рассматривается псевдоним в фольклоре, как постоянный мотив, который сам по себе служит композиционной структуре и идейным особенностям произведения. Мотив псевдонима имеет разный характер в фольклорных произведениях. В сюжете эпических произведений в мотивах кличек часто встречается содержание, построенное на древних верованиях, а в легендарных рассказах прозвище героя происходит в результате героических поступков, совершенных для страны. В казахском фольклоре встречается сцена, в которой будущий должник или герой в Юный день ходит без имени или по прозвищу. Одними из неотъемлемыми частями сюжета произведения являются бесчестие героя казахской героической сказки до совершения героических поступков, ставшими казахскими историческими легендами, как Абылай, Жалантос, Кабанбай и т.д., и прозвища от героических поступков красноречивыми и остроумными людьми, такими как Едиге, Казыбек, Сабден. В заключение, присвоение герою прозвища служит проявлению возвышения фольклорного образа, его идеализации в соответствии с целями произведения, в зависимости от изменений в особенностях героической жизни.

**Благодарности:** Статья подготовлена в рамках грантового проекта Комитета науки МНВО РК на 2022-2024 годы АР 14871880 «Эпоха Золотой Орды и казахский фольклор».

**Ключевые слова:** мифология, казахский фольклор, турецкий фольклор, инициация, псевдоним

## 1. Кіріспе

Фольклорлық шығармалардың сюжетінде көрініс табатын мотивтің бірі – қаһарманның жас күнінде атсыз немесе елеусіз есіммен өмір кешіп, белгілі бір сыннан өткен соң лақап есім алуы. Ол – эпикалық шығармалардағы «қаһарманның ерекше балалық шағы» сюжеттік желісінде кездесетін компоненттің бірі. Лақап есім мотиві фольклорлық кейіпкердің қаһармандық образын дәріптеуге қызмет жасайды.

Адамзат тарихында бір кісіді бірнеше есім болғандығы – өмірдің шындығында орын алған әлеуметтік дәстүрлі ғұрып. Аталмыш ғұрыптың шығу тегі ертедегі кісі есімінде оның өміріне ықпал ететін магиялық күш бар деген мифологиялық наным-сенімге негізделген инициация рәсімімен (қауым мүшелігіне қабылдау) тығыз байланысты. Инициация рәсімі барлық ру мүшелеріне міндетті болған ру-тайпалық қоғамда ол ересек адамдардың барлығына ортақ құбылыс болса, қоғам дамып, әлеуметтік жіктелу пайда болғанда ол белгілі бір артықшылығы бар топтардың еншісіне өтеді. Ол кейін фольклорлық шығармаларға өтіп тұтас тайпаның немесе бүкіл халықтың күшін білдіретін, мүддесін ойлайтын эпикалық қаһармандарды дәріптеу құралына айналады. Лақап есіммен даңқы шыққан қаһарман образын көріністі әлемдік, сондай-ақ түркі халықтарының фольклорлық шығармаларынан байқауға болады. Ондай тарихи тұлғалардың қатарынан Білге қаған, Күлтегін, Манас, Шыңғыс хандарды атауға болады. Қазақ фольклортану ғылымында лақап есім мотиві эпикалық туындылар мен мифтік аңыздарда кеңінен көрініс тапқан. Мұнда лақап есіммен даңқы шыққан билеуші хан-сұлтандар, батырлар, би-шешендер қатары молынан кезігеді.

## 2. Материалдар мен әдістер

Көне дәуірдегі мифологриялық түсініктерден бастау алатын фольклорлық қаһармандардың лақап есімі туралы зерттеушілік пайымдар түркітанушы ғалымдар В. Жирмунский, А. Кичиков, Л. Гумилевтердің еңбектерінде талданады. Аталмыш фольклорлық көркемдік құбылыс туралы қазақ фольклорының тарихи проза саласында іргелі зерттеулер жүргізген ғалымдар Е. Тұрсынов (1976), С. Қасқабасов (2011), Ш. Ыбыраев (1993), С. Аманжолов (1996), А. Әбсадық (2017) зерттеу еңбектеріне де арқау болған.

### 2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеуге фольклортану ғылымындағы жалпытеориялық методологиялық әдістер қолданылды. Атап айтқанда, дәйектер мен іргелі зерттеулерге сипаттама жасау, дерек көздерін талдау, фольклорлық материалдарды тарихи-салыстырмалы әдіспен зерделеу тәсілдері кеңінен қолданылады.

### 2.2 Материалдарға сипаттама

Лақап есім мотивінің шығу тегі адамзат баласына ортақ ат қою ғұрыпына тіреледі. Ат қою ғұрпының ілкі көріністері ертедегі адамдардың дүниені үш тағанды (жоғары, орта, төменгі) тұтас космос (Мелетинский, 1976: 217) деп таныған мифологиялық кезеңнен бастау алады. Аталмыш дүниетанымның сипаттамасы мынадай: «Боги, души праведных – небо; люди – земля; демоны, души неправедных – подземное царство» (Мифы народов мира, 1980: 10). Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі «Биікте Көк Тәңірі, төменде Қара Жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған» деген түсінік алталмыш модельдің көне түркілік формасы екендігі анық. Ерте замандағы үш тағандық модель қазақ мифтерінің мазмұнында көрініс тапқан. Мәселен, Ш. Уәлиханов жазып алған «Өлі мен тірінің достығы» атты мифтік ертегіде: «Аспанда ел бар. Ондағы адамдар белдікті тамағынан тартады, біз ортада, жер бетінде тұрамыз, сондықтан белдікті белімізге байлаймыз, ал жердің астындағы адамдар белдігін аяғына орайды, олардың өздерінің күні, айы, жұлдыздары бар» (Валиханов 1961: 480) – деген түсінік бар.

Үш тағандық мифтік модельдің таным-түсінігі бойынша, адам баласының бұл өмірдегі тыныс-тіршілігіндегі өзгерістері мен атқарған істері жоғары дүние (тәңірі) немесе о дүниелік (төменгі дүние – аруақтар) тылсым күш иелерінің қолдауымен болады. Тылсым күш иелерінің қолдауына арқау болар көріністің бірі – кісіге жаңа (лақап) есім берілуі. Ертедегі қоғамда атақты кісілерге лақап есім беру тылсым күш иелерінің ишарасы (ұсынысы) арқылы жүзеге асып отырған. және ол белгілі бір лауазымға көтерілген уақытта жүзеге асып отырған. Мұны әлем жұртшылығына әбден таныс көне батырлық ертегі, жырлармен (Алпамыс, Манас, оғыз жырлары,) қатар Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі Күлтегін, Білге қаған (Могилян), Моңғол империясының негізін қалаған Шыңғыс ханның (Темучин) әлеуметтік ортадағы мәртебесінің (статусының) өзгерген көріністерінен анық аңғарылады. Аталмыш көне түркілік фольклорлық және жазба деректердегі лақап есім беру рәсімі көркем фольклорға өтіп, ол жалпы ғұрыптық сипат алады және қоғамдағы діни-мәдени, әлеуметтік танымдардың қалыптасуына себепкер болады.

Түркі жұртының бір бөлшегі ретінде қалыптасқан қазақ халқының дүниетанмында көне замандағы лақап есім беру ғұрпының көріністері сақталған. Оны сақтаған сауыт – фольклорлық шығармалар. Қазақ фольклорындағы лақап есім беру

ғұрпы эпостық жырлар, ертегілер, аңыз жанларының композициялық-сюжеттік фабуласына көріктеу, дәріптеу құралдары ретінде қызмет жасайды. Оның қызметі фольклорлық түрлі жанрлар мазмұнында әртүрлі белгімен көрініс табады. Қазақтың эпостық мұраларында қаһарманға лақап есім беру көріністерінде көне мифологиялық түсініктермен қатар қаһарманның орасан күш иесі немесе батырлық ерлік көрсету, болмаса шыққан тегіне қарай лақап есім беру көріністері бар. Мысалы, арғы түбі Алтай кезеңінен бастау алатын көне Алпамыс батыр эпосының Қоңырат вариантында «Хәкім» деген есіммен жүрген қаһарман алып күш иесі екендігін танытқан соң «Алпамыс» деген лақапқа ие болады (Жирмунский, 1960: 15-16). Ноғай ордасының даңқты билеушісі Едіге туралы эпостық жырда болашақ батыр Едіге есімін жасырып, Құбағұл деген есіммен Тоқтамыс ханның күзетшісі болады (Семенов, 1895: 418-420).

### 3. Талқылау

Эпостық жырларда қаһарманға берілетін батырлық есім оның ерлік ісіне толық сай болып келетін көріністерде кездеседі. Бұл түсінік «Қырымның қырық батыры» жырының бірі «Ер Бегіс» жырында сақталған. Онда батырға алғашқыда «Бегіс» – деген қарапайым есім беріліп, ерлік көрсетсе «ер» атағын қосатыны баяндалады. Мұндай шешімнің себебін жыр былайша түсіндіреді: «Сүйініштің жасы қырыққа келгенде, бала көрмей жүріп бір балалы болады. Ол баланың атын Ноғайлы елі жиналып отырып: «Арғы атасы Қарадөң, одан туған Жұбаныш, өз әкесі Сүйініш қатарынан асқан ерлер еді. Мұнан туған бала да ер болар, мұның атын Бегіс қоялық. Егер ер болса, есіміне Ер атағын қосармыз», – деп ойлады да, мұның атын Бегіс қойды» (Қазақ халық әдебиеті, 1989: 243). Мұндағы «ер» деген қосалқы есім «батыр» деген мағына береді.

Лақап есім мотиві эпостық мұралармен қатар тарихи аңыздарының сюжеттік желісі мен ақпараттық-танымдық деректерінен (информационно-познавательная функция) де кездеседі. Онда эпостық жырларға тән мифологиялық таным сұлбасы аз, ал оның есесіне нақты істердің нәтижесін баяндау басым. Мұны біздер қазақ хандығы кезеңіне (ХУ-ХУІІІ) қатысты туындаған тарихи аңыздардан көре аламыз.

Қазақ аңыздарында басты қаһарманға лақап есім беру бірнеше жағдайда жүзеге асады. Бірі – қаһарманның ерекше ерлік көрсетуінен кейін батырлық есім алу, екіншісі – таққа отырғанда, яғни лауазымдық есім алу кезеңінде, сонымен қатар ерекше тапқырлық пен шешендік көрсеткен жағдайда көрініс табады. Лауазымдық лақапта ханның немесе әміршінің ел билеу ісіндегі даналығы мен данышпандық қызметіне сай рең-мағына болса, батырлық лақапта қаһарманның ержүректігі, қайсарлығы, батылдығы, ал шешен кісілерге тапқырлық қасиетіне қарай жүзеге асады.

Аңыздық деректер бойынша, лақап таңылған билеушілер – Жәнібек (ХУ ғ.), Қасым (ХУІ ғ.), Есім (ХУІІ ғ.), Жәңгір (ХУІІІ ғ.), Тәуке (ХУІІІ ғ.), Әбілмансұр (ХУІІІ ғ.) хандар. Халық аңыздарының мазмұны бойынша Жәнібек хан Әз-Жәнібек, Қасым хан «Арыстан хан» (Левшин 1996: 154; 478), қалмақтарға жеңісті жорықтар жасаған Есім хан - «Еңсегей бойлы ер Есім», Жәңгір хан – «Салқам Жәңгір», Тәуке хан – «Әз Тәуке», ал Әбілмансұр – «Абылай» деген лақаптарға ие болған.

Билеушілердің бір қатарының жаңа есімінде, көбіне, «білгір», «данышпан», «әз», «жеңімпаз» деген сынды ел билеу ісіне қатысты лауазымдық қосалқы есімдер берілсе, батырларға олардың қайсарлығы, жаужүректігі мен алып күш иесін білдіретін

«қанішер, батыр, ер, салқам» мағынадағы есімдер қойылады. Қазақ аңыздарының мазмұны бойынша, халық жадында даналық, данышпандық қызметтері арқылы жақсы сақталған билеушілерге «эз» деген қосалқы лақап қосылған болса, жауға тойтарыс беруді ұйымдастырып, қан майданда ерлік, батырлық істерімен көзге түскен қазақ хандарға «ер, баһадүр» деген қосымшалар қосақталады. Аңыздық деректерде «эз» деген лақап есімге ие болған екі қазақ билеушісі бар. Бірі – Қазақ ордасының негізін қалаған Жәнібек хан (XV ғ.), екіншісі – қазақтың алғашқы заң-жоралғы үлгісін қабылдаған Тәуке хан (XVIII ғ.).

Фольклортанушылар қазақ ханы Жәнібек таңылған «эз» лақабы Алтын Орданы билеген атақты Жәнібек Өзбекұлының түркі тектес ноғай, қарақалпақ, башқұрт халықтарының көркем тарихи шежірелері мен фольклорлық шығармаларында «эз» деп арқылы жүрген ауыс-түйістен орныққан деп санайды. Ал Тәуке ханға берілген «эз» лақабы оның Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды атақты үш биі және қарақалпақ, қырғыз, катаған, жайма руларының билері, яғни бас-аяғы жеті биді тікелей қатыстыра отырып (Гродеков, 1889: 24), «Жеті Жарғы» деп аталатын заң-жоралғы қабылдаған даңқты қызметі, әділдігі үшін беріледі.

Бұл орайда билеушінің лауазымдық қызметіне сай лақап есім беру дәстүрі көне түркі жырларында, сондай-ақ оғыз жырларында мол ұшырасатынын және ол есімді қадірлі кісінің қатысуымен берілетіндігін атап кетуіміз қажет. Мысалы, көне аңыздық желіге құрылған белгілі «Оғызнама» жырында дүниеге келген жас балаға қария Қорқыт «Тұман» деген есім қояды, ал кейін ол айбарлы билеуші болған уақытта «Күн хан» деген жаңа есім алады. Қаһарманға лақап есім беру ғұрпында патриарх қария кісінің тұрақты кездесуі – түркі халықтарына ортақ көрініс. Мысалы, қазақтарға этникалық тұрғыдан аса жақын қарақалпақтардың жыр-аңыздарында Шыңғыс сағымнан (күн сәулесінен) пайда болғандықтан оны алғашқыда «Күніс» (Солнышко) атап, кейін ол хан сайланған соң 80 жастағы Майқы би «Шыңғыс» деп ат береді (Есбергенов, Хошниязов, 1998: 20-21). Ал қазақ аңыздарында Үйсін Майқы би Шыңғыстың хан сайлауына қатысқан 12 бидің бірі және оның іс-әрекеті ұрпағы Үйсін Төле би арқылы жалғасын табады. Төле би – қалың жұрттан шыққан тегін жасырып жүрген қазақтың болашақ ханы Абылайға «Сабалақ» деген лақап есім берген кейіпкер (Abdasadyk, 2021: 333-334). Қазақтың «Желкілдек» атты батырлық ертегісінде Сарыбай байдың құдайдан сұрап алған баласы Желкілдек жеті жасында жылқы бағуға шығады. Оны «ел-жұртын жау шауып кетіп, кекті болған» жасы келген Әзтемір деген батыр кісі «мылтық атса, оқ тимейтін, қылышпен шапса, қылыш өтпейтін» бала батырды әдейі іздеп келіп, оған «Жеті жасар Желкілдек» деген ат береді (Қазақ халық әдебиеті, 1988: 112-118).

Қазақ аңыздарында хан тағына көтерілген билеушінің халық арасына тараған атақ-абыройына сай белгілі бір айбарлы жыртықшы аңның атауын лақап есім ретінде беру көрінісі де кездеседі. Мысалы, Қазақ хандығының ордасын ескі қоныс Сырдариядан Жошы ұлысының Жайық өзені бойындағы астанасы Сарайшық қаласына ауыстырған Қасым ханға таңылған «Арыстан хан» деген лақап аң патшасы арыстанның қайраты мен айбатына теңгерілгені байқалады. Сонымен қатар бір қатар билеушілерге елді жаудан қорғау, басқыншылардан азат ету жолындағы ерліктері үшін лақап есімді қосалқы беру кездеседі. Бұл орайда қалмаққа бірнеше жеңісті жорықтар жасап, қазақ жерін кеңейткен Есім ханға «Еңсегей бойлы ер Есім» деген құрметті атақ беріледі.

Ал одан кейін Қазақ ордасында билік құрып, ержүректігімен даңқы шыққан Жәңгір ханға берілген «салқам» лақабы да «ер, батыр» сөзімен тығыз байланысты.

Аңыздар сюжетіндегі кейіпкерге лақап есім беру көрінісі, әдетте, қаһарманның алғашқы ерлігінен кейін жүзеге асады. Алғашқы ерлігі қатарына жеке дара жауға шауып, асқан батырлық көрсету, жабайы аңды өлтіру, түрлі күрес, сайыста жеңіп шығу, т.б. сын-қатерлер жатады. Аталмыш сынақтардың ішінде ең құрметтісі әрі қадірлісі – жауға жалғыз аттанып, қан төгіп, ерлік көрсету.

#### 4. Нәтижелер

Қазақ аңыздарында сомдалатын образдар арасында жау батырын жеңіп қан төккен соң батыр атанып, хан тағына көтерілген қаһарман – Уәлі сұлтан баласы Абылай хан. Ол Шыңғыс ханнан тарайтын тегіне сай хандық лауазым алғанға дейін ол жетім өсіп, сырт өлкеден қазақ даласына арып-ашып келіп, кісі қолында (Атығай Дәулеткелді бай, Үйсін Төле би) жалшылықта жүреді. Жалшылық кезінде ол «Әбілмансұр» (Құдайбердіұлы 1991: 27), кейде «Сабалақ» (Невзрачный) деп аталып, шыңғыстық асыл тегін әдейі жасырады. Жасөспірімнің тым төмендетілетіні соншалық, ол өзінің атын да білмейді, өзін малшылық қызметке алған Төле би не айтса соған көнеді. Асыл тегін жасырған «құпияның» ашылуы ерлік жасау үстінде көрінеді. Қазақтың атақты батырларына (Қабанбай, кейде Бөгенбай) ерген Әбілмансұр-Сабалақ жорық үстінде атасы Абылайдың есімін ұран етіп шығып, қалмақтың Шарыш деген батырын жекпе-жекте өлтіреді. Бұған дейін өз есімін білмейтін жетім баланың ерлік істен кейін ата-тегі анықталып, ол «Абылай батыр» деген есімге ие болады, хан тағына көтеріледі. Біздің заманымызға жеткен Абылай ханның мөріне оның батырлық атағы бедерленіп «Баһадүр Абылай сұлтан бин сұлтан Уәли» деген жазу түскен (Қабылдинов, 2021: 52).

Аңыздағы лақап есім мотиві көркем фольклорға тән бірнеше штрихтар мен архетиптерге ие. Оларды былайша көрсетуге болады:

1. Болашақ батырдың (билеушінің) жетім өсуі;

2. Тегі асыл (ақсүйек) жас өспірімнің қарапайым кісі (қарасүйек) кісінің қолында жалшылықта болуы;

3. Уақытша жай-күйіне сәйкес болашақ билеушінің сыртқы киімінің ұсқынсыз, елеусіз жүруі;

4. Аруақты атасының есімін (Абылайды) ұран етіп, жекпе-жекте жеңіске жетуі.

Аталған көріністердің алғашқы үшеуі – әлемдік фольклорда жиі көрінетін көркемдік құрал. Фольклорлық қаһарманның алғашқы ерлік көрсеткенге дейін сыртқы киімі көзге қораш, жыртық-жамау болып, өзі елеусіз (тазша, қойшы т.б) жүруі – бүкіл жер жүзі халықтарының ауызекі шығармаларына кең тараған мотив. Ол халық туындыларында қоғамның ең қорғансыз жандарын (идеализация обездоленных) дәріптеуге кең пайдаланылады. Фольклорлық дәріптеу құралы ретінде ол қаһарманды «төменнен жоғары қарай көтеретін» идеализациялаудың бір тәсілі және қарапайым кісіден билеуші көргісі келетін халық арман-тілегі, аңсары. Халықтың мұндай аңсары адамзат қоғамына монархиялық жүйеден демократиялық құндылықтаға сүйенген қоғамды орнықтыруға сеп болғанын атап өтуіміз керек. Ал қаһарманның Абылай атасының есімін ұран етуі – қазақ арасында ертеден сақталып келе жатқан аруақ культінің көрінісі. «Қазақтарда аруақты қастерлеу, - деп жазады Ш. Уәлиханов, - әлі күнге дейін өз күшінде. Олар бастарына қауіп төнгенде

мұсылмандардың әулие-әнбиелеріне сыйынғандай, ата-бабаларының атын атап көмекке шақырады. Барлық сәттілікті аруақтар жебеуімен болады деп түсінеді» (Валиханов 1985: 52).

Ғалым атап отырған аруақ культінің қазақ арасында орныққанын Әбілмансұр-Сабалақтың жауды қашырған ерлік ісінен анық көрінеді. Онда ол атасы Абылайдың атын ұран етіп жау батырын жекпе-жекте жеңіп, билеуші хан Әбілмәмбеттің назарына ілігеді. Ол жас батырды қасына отырғызып:

- Шырағым, сен кімсің? «Абылайлап» шапқының қалай? – десе:

- Мен қанішер Абылайдың немересі едім, соғыста жолы болған соң, атамның атын ұран қылдым, - дейді» (Құдайбердіұлы, 1991: 27).

Аңыздағы қаһарманды желеп-жебеп жүрген ұран – «батырлығымен, батылдығымен аты шығып, сол үшін қанішер деген қаһарлы да құрметті атаққа ие болған» (Валиханов, 1985: 116). атасы «Қанішер Абылайдың» есімі. Демек, аңыз көне эпикалық жырлардағы қаһармандардың «қан төгіп, батырлық танытқан» соң ерлік ісіне орай лақап беру көрінісін сақтап, оны аруақ культімен байланыстыра суреттейді.

Әбілмансұр-Сабалақтың батырлық лақап есімі алуы Үш жүз қазақ ортақ деп есептелетін, жорыққа шыққанда, ұрысқа кіргенде қолданатын «Алаш» әскери ұранының мазмұнымен сарындас. Алаша – Үш жүз қазақтың басын қосқан алғашқы билеуші хан. Қазақ арасынан шыққан оқымысты ақындар ағайынды Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлы аталмыш әскери ұран қазақ арасына Моғолстанның Кіші ханы Сұлтан Ахметке жау тарапынан қойған «Алаш» атты лақап есімі бойынша орныққан деп таниды. Олар мұны Ақсақ Темірдің иелігіндегі өңірден саяси себеппен Үндістандағы ауып, сол жақта Ұлы Моғол мемлекетінің негізін қалаған 3. Бабырдың «Бабырнамасына» сүйеніп жазады.

Абай мен Шәкәрімнің жазбаларында Алаш ұранын тарихи жазбаға тіркелген оқиғалар желісінде тәпсірлеу (интерпретациялау) көрініс алған. «Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рахымсыздығына қарай «мынау бір алашы болды ғой» депті, «жан алушы болды» дегеннің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атаныпты, «Бабырнамада» солай жазылған. Сонан соң сол хан: «бұл атты қалмақ қорыққаннан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта «алашы-алашы» деп ұран-сүрен салыңыз» деп бұйырып, бұларға айқай салғанда көп жанның айқайымен «Алаш-Алаш» деп кетіпті. Сондықтан «Алаш болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік» деп, алаш ұранды қазақ атануының себебі сол екен» (Абай, 1948: 405), - дейді Абай Құнанбайұлы. Оның пікірін Ш. Құдайбердіұлы өзінің «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі» атты тарихи зерттеуінде қайталай келе (Құдайбердіұлы, 1991: 23), «Алаш» лақабының мағынасын мынадай өлең жолдарымен кестелейді:

Ол кезде қазақ, қалмақ жерге талас,

Болса да тұқымы бір, заты аралас.

Ахметті «Әзірейіл Алашасың» деп,

Қалмақтар оның атын қойған Алаш (Құдайбердіұлы, 1991: 74).

«Жаналғыш», «Әзірейіл Алаша» (Алаш), «қанішер» (Абылай) деген сөздердің мағыналары бір-біріне жақын синоним сөздер. Бұл сөздер – батырлық, ержүректік, ерлік істердің мадағы, марапаты, мақтауы. ХҮІІІ ғасырдағы Абылайдың батырлық лақабының мағынасы ХҮ ғасырдағы Алашамен сарындас болуы – қазақ халқының

таным-түсінігінде лақап есім беру ғұрпының көріністері ұзақ сақталып жеткенін көрсетеді.

Тарихи аңыздарда атақты хандар ғана емес, айтулы батырлар лақап есім алады. Батырларға лақап есім беру көрінісінде алғашқы ерлік көрсету оқиғасынан туындайтын көріністер жиі кездеседі. Батырдың алғашқы ерлік көрсету үлгілерінің бірі – оның ел мазасын алған жабайы анды өлтіруі. XVIII ғасырдың атақты тұлғасы Қабанбай туралы аңыздардың мазмұны бойынша, батырдың шын есімі Ерасыл (кейде Избасар). Елге маза бермеген жабайы қабанды жалғыз барып жеңген соң ол «Қабанбай батыр» атанады (Сәнік, Садықанұлы, 1991: 13). Сондай-ақ «Желкілдек» атты батырлық ертегісінде Сарыбай байдың құдайдан сұрап алған баласы Желкілдек жеті жасында жылқы бағуға шығады. Оны «ел-жұртын жау шауып кетіп, кекті болған» Әзтемір деген батыр кісі «мылтық атса, оқ тимейтін, қылышпен шапса, қылыш өтпейтін» бала батырды әдейі іздеп келіп, оған «Жеті жасар Желкілдек» деген ат береді (Қазақ халық әдебиеті, 1988: 112-118). Фольклорда, әдетте, кейіпкерге кеш берілген есім оның батырлық, ерлік есімі болып та қалыптасады.

Тарихи аңыздарда ел басқаруда аты шыққан хан немесе елді жаудан қорғаған батырлар ғана емес, шешендікпен аты шыққан билер де лақап есімге ие болады. Олар лақап есімге шешендік сыннан өткеннен кейін ие болады. Шешендік сын – эпикалық жыр-аңыздардағы басты қаһарманның алғашқы ерлігіне пара-пар, параллель көркемдік құбылыс. Қарапайым атшы (қосшы) я болмаса қойшы болып жүрген болашақ шешен сөз сынынан өткеннен кейін жаңа есім алып, атақ-даңқы кеңге жайылады.

Билерге таңылған лақап, көбіне, олардың ел ішінде жүрген дау-дамайды дұрыс, әділ шешкені үшін қойылады. Кіші жүз Жараспай елінен Қыпшақ Хангелді батырдың құнын даулауға бала Ыбырай құн дауынан жеңіп шығады. Содан бастап Ыбырай «Бала би» атанып кетеді (Шешендік сөздер, 1990: 124-125). Билердің жаңа есімі тек сөзге шеберлік емес, даналық пен қайырымдылық, айтқан нәрсені ұмытпайтын құйма құлақ қасиеті үшін де қойылады. Күші басым жау қалмақ ауыл шетіне келсе де үйіне ұя салған қарлығаш құстың ұясын бұзбай отырған Төле бидің қайырымдылығы мен шыдамдылығы жаудың сүйіспеншілігін тудырып, қалмақ жағы оны «Қарлығаш әулие» деп атап кетеді (Төрекұлов, Қазыбеков, 1993: 62-63). Айтқан нәрсені тез ұғып алғыш қасиеті үшін Сәбден биді Байдалы би «Саққұлақ би» деп атайды (Төрекұлов, Қазыбеков, 1993: 230).

Би-шешендерге лақап есім жау тарапынан да беріледі. Қарсыласқан жау кейіпкердің шешендік қасиетін жете танып, мойындағаннан кейін жүзеге асады. Бұл орайда ХҮІІІ ғасырдың танымал тұлғасы Қаракесек Қазыбек бидің жау еліне барып, жігерлі, батыл сөздермен қалмақ билеушісін сөзден тосылдырып, бетін қайырғаннан кейін оған лақап есім беріледі. Қалмақ ханы: «Даусың қаздың дауысындай қаңқылдап шығады екен, сондықтан сенің атың бұдан былай «Қаздауысты Қазыбек» болсын» (Төрекұлов, Қазыбеков, 1993: 101), – дейді. Сондай-ақ қалмақ еліне елшілікке барған ендігі бір он жасар болашақ шешен Едіге «Бала би» атанып келеді (Төрекұлов, Қазыбеков, 1993: 182-183).

Түйіндей келгенде, тарихи тұлғалардың ел билігінде атқарған лауазымы мен ерлік істері үшін қойылатын лақап есімдері немесе қосалқы аттары (әз, ер, батыр, би) оның аңыздық қаһарман ретіндегі бейнесін жасампаз кейіпкер ретінде сомдауға қызмет жасайды.

## 5. Қорытынды

Қазақ-түркі фольклорының материалдарын әлемдік зерттеулермен ішінара салыстыра сүзгіден өткізген аталмыш талдаулардан мынадай түйін шығаруға болады:

Лақап есім – көне мифологиялық таным-түсініктен бастау алатын ғұрыптық рәсім. Оның астарына тотемизм түсінігі, матриархаттық және патриархаттық таным, политемизм мен монетизм түсініктері орныққан. Қаһарманға тылсым күштердің ишараты, мұсылман әулие-әнбиелерінің қолдауы, аруақ культінің ықпалы немесе патриарх-қария кісінің қатысуы арқылы лақап есім беретін көріністері – осы мифтік танымнан нәр алатын ғұрыптық рәсімдердің жаңғырығы.

Адамзат қоғамының ежелгі дәуірі және ерте орта ғасырлар кезеңіндегі кісі есімінің өзгеруі белгілі бір наным-сенімдермен, салт-дәстүрлер және әдет-ғұрыптармен байланысты болса, кейінірек қоғамдық қарым-қатынастардың тереңдеуіне байланысты әлеуметтік жіктелу пайда болған тұста ол батырды немесе билеушінің есімін әлеуметтік ортадағы мәртебесі мен қызметіне қарай өзгертетін дәстүрлі ғұрыпқа айналады. Әлеуметтік маңызы бар дәстүрлі ғұрып ретінде ол қоғамдық тыныс-тіршіліктің айнасы ретінде танылатын фольклорлық туындылардың мазмұнына арқау болады.

Аталмыш эволюциялық процестің жаңғырығы өз кезегінде фольклорлық туындыларға ауысып, өмір шындығын бейнелейтін көркемдік құрал ретінде орнығады. Фольклордағы лақап есім – қаһарманның батырлық, лауазымдық ерекше қадыр-қасиетке, арнайы миссияға ие образын сомдайтын көркемдік құрал, шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық ерекшеліктеріне өзіндік қызмет жасайтын тұрақты мотив. Онда көне мифтік түсініктің, дәстүрлі ғұрыптың белгілері тұрақты орын алады. Бірақ фольклордың әр жанрында оның сыр-сипаты әр түрлі. Эпикалық шығармалардың сюжетіндегі лақап есім мотивінде көне наным-сенімдерге құралған көріністер орын алса, аңыз әңгімелерде қаһарманның лақабын ел үшін жасаған ерлік, батырлық істері негізінде берілген деп тану басым. Түптеп келгенде, фольклорлық лақап есім беру арысы түркі, берісі қазақ фольклорында көне замандардағы ғұрыптан туындаған, кейіпкерді дәріптеуде кең пайдаланылатын көркемдік құбылыс деп тануға толық негіз бар деп санаймыз.

### Әдебиеттер:

1. Abdasadyk A., Isenov U., Taskuzhina A., Shahaman Z., Kulbayeva M., Mukhitov K. (2021) Abylai khan: a historical figure and a folklore character (case study of legends about the orphanage of the ruler). ASTRA Salrensis, Supplement no.1. 325-336 pp.
2. Әбілғазы, Б. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 208 б.
3. Валиханов, Ч. Собр. соч. в 5- и т. Т.1. – Алма-Ата: Ғылым, 1961. – 777 с.
4. Валиханов, Ч. Следы шаманство у киргизов // Соч. В 5 т. – Алма-Ата, 1985.Т. 4. – 462 с.
5. Гродеков, Н. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. – Ташкент: Типо - лит. С.И. Лахтина, 1889. – 205 с.
6. Есбергенов, Х. Хошаниязов, Ж. Этнографические мотивы в каракалпакском фольклоре. – Ташкент: Фан, 1998. – 156 с.
7. Жирмунский, В. Сравнительное изучение героического эпоса народов Средней Азии. – М.: Наука, 1960.
8. Қабылдинов, З. Тілеубаев Ш, Тылахметова А., Әбсадық А. ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ сұлтандарының қоғамдағы қызметі (ресейлік жаңа мұрағат деректері негізінде) // Отан тарихы ғылыми журналы, 2021, № 3 (95). DOI 10.51943/1814-6961\_2021\_3\_50

9. Қазақ халық әдебиеті: көп томдық. Т. 4. Ертегілер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 302 б.
10. Қазақ халық әдебиеті: көп томдық. Т. 5. Батырлар жыры. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
11. Құдайбердіұлы, Ш. Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан-Сана, 1991. – 80 б.
12. Құнанбаев, А. Шығармаларының толық жинағы. Алматы: Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы, 1948. – 502 б.
13. Левшин, А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Под общей редакцией академика М.К Козыбаева. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
14. Мелетинский, Е. Поэтика мифа. – Ленинград: Наука, 1976. – 407 с.
15. Мифы народов мира. Энциклопедия: В 2-х томах Т.2. – М.: Советская энциклопедия, 1980. – 1147 с.
16. Сәнік, З.Садықанұлы, Б. Қаракерей Қ. Аңыз, зерттеу, қиссалар. – Алматы: Жазушы, 1991. – 176 б.
17. Семенов, Н.Туземцы Северо-восточного Кавказа (Рассказы, очерки, исследования, заметки о чеченах, кумыках ногайцах и образцы поэзии этих народцев). – Санкт-Петербург, Типография А. Хомского и Ко, Литейный пр, №43, 1895.
18. Шешендік сөздер / Құраст. Адамбаев Б. – Алматы: Жазушы, 1990. – 167 б.
19. Төрекұлов, Н.Қазыбеков, М. Қазақтың би шешендері. 1-2 кітап. – Алматы: Жалын, 1993. – 400 б.

### References:

1. Abdasadyk A., Isenov U., Taskuzhina A., Shahaman Z., Kulbayeva M., Mukhitov K. (2021) Abylai khan: a historical figure and a folklore character (case study of legends about the orphanage of the ruler). – ASTRA Salrensis, Supplement no.1. – 325-336 pp. (in Eng)
2. Abilgazi, B. (1992) Turik shejiresi. – Almaty: Ana tili. – 208 p. (in Kaz)
3. Valikhanov, Sh. (1961) Collected essays. v 5–i tomah, Tom 1. – Alma-Ata: Gylym. – 777 p. (in Russ)
4. Valikhanov, Ch. (1985) Traces of shamanism among the Kyrgyz // Soch. V 5 t. T. 4. – Alma-Ata. – 462 p. (in Russ)
5. Grodekov, N. (1889) Kyrgyz and Kara Kirgiz of Syr-Darya region. T.1. İuridicheski byt. Taşkent:Tipo-lit. S.İ. Lahtina. – 205 p. (in Rus)
6. Esbergenov H., Khoshiyazov J. (1998) Ethnographic motives in Karakalpak folklore. – Tashkent: «Fan». – 156 p. (in Russ)
7. Jirmunsky, Viktor. (1960) Comparative study of the heroic epic of the peoples of Central Asia. – Moskva: Nauka. (in Russ)
8. Qabyldinov, Z. Tileubaev Sh, Tylahmetova A., Absadyq A. (2021) Activity of Kazakh Sultans in society in the second half of the XVIII century // Otan tarihy ğylymi jurnalny, № 3 (95). DOI 10.51943/1814-6961\_2021\_3\_50 (in Kaz)
9. Kazakh folk literature: multi-volume (1988) Fairy tales. T 4. – Almaty: Zhazushy. – 302 p. (in Kaz)
10. Kazakh folk literature: multi-volume (1989.) T. 5. Batyrlar jry. – Almaty: Zhazushy. – 384 p. (in Kaz)
11. Qudaiberdiuly, Sh. (1991) Genealogy of Turkish, Kyrgyz-Kazakh and Kazakh Khans. – Almaty: Sana. – 80 p. (in Kaz)
12. Qunanbayev, A. (1948) Complete set of works. – Almaty: Qazaqtyn birriken memlekettik baspasy. – 502 p. (in Kaz)
13. Levshin A. (1996) Description of the Kirghiz-Cossack, or Kirghiz-Kaysak hordes and steppes. Pod obshchei redakciei akademika M.K Kozybaeva. – Almaty: Sanat. – 656 p. (in Kaz)
14. Meletinsky E. (1976) The Poetics of myth. – Leningrad: Nauka. – 407 p. (in Rus)
15. Myths of the peoples of the world (1980). Enciklopediya. Tom 2. – Moskva: Sovetskaya enciklopediya. – 1147 p. (in Russ)
16. Sanik, Z. Sadyqanuly, B. Qarakerei Q. (1991) Legend, research, fables. – Almaty: Zhazushy. – 176 p. (in Kaz)
17. Semenov, N. (1895) Natives of the North-Eastern Caucasus (Stories, essays, studies, notes about Chechens, Kумыks Nogais and samples of poetry of these peoples). – Sankt-Peterburg: Tipografia A. Homskogo & Ko. №43. (in Russ)
18. Oratory words. (1990) Qurastirgan Adambaev B. – Almaty: Zhazushy. – 167 p. (in Kaz)
19. Torekulov N, Qazybekov. (1993) Kazakh dance orators. book 1-2. – Almaty: Jalyn. – 400 p. (in Kaz)